ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 10 желтоқсан №7119-24-00-2/13762 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева, сот отырысының хатшысы А.Галиеваның отыруында ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Академик Н.Ж.Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Тендер Профи» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі: А.Б.Аскаров

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 26 тамызда баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген тендер қорытындысы бойынша №66537543-ЗЦП4 лот бойынша жеңімпаз болып әлеуетті өнім беруші – «PUMP ENGINEERING CO LTD» ЖШС анықталды, екінші жеңімпаз «Тендер Профи» ЖШС әлеуетті өнім беруші болды. Алайда, көзделген шектеулердің бұзылуына байланысты «PUMP ENGINEERING CO LTD» ЖШС ҚР МЗ туралы Заңының 6 - бабы 1-тармағының 6-тармағы, соңғысымен шарт жасалмаған.

2024 жылғы 10 қыркүйекте заңның 43-бабы 7-тармағының 2-абзацына сәйкес талапкер №ГЗ 02-07-796 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт екінші жеңімпазбен – «Тендер профи» ЖШС-мен шарт жасасқан, ол міндеттемені қабылдап, жеткізуге арналған шартқа қол қойылған.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 12.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.01.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 15.01.2025
7119-24-3-1/13119

Жалпы сомасы 315 265,44 (үш жүз он бес мың екі жүз алпыс бес) теңгеге 44 тиын, 1 дана (техникалық ерекшелікке сәйкес) мөлшеріндегі электр сорғы, орталықтан тепкіш, ұңғыма (жоғары қысымды орталықтан тепкіш сорғы) агрегаты. Шарттың қолданылу мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін. Тауарды жеткізу мерзімі: тараптар шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде.

Шарттың Пп сәйкес.2) 3.1 – тармағы, (Тараптардың міндеттемелері) - өнім беруші Шарт күшіне енген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын шарттың жалпы сомасының 9 457,97 (тоғыз мың төрт жүз елу жеті) теңге 97 тиын енгізуге міндеттенеді. Алайда белгіленген уақытта қамтамасыз ету сомасын енгізбеген, шарт талаптарын тиісінше орындамаған. 2024 жылғы 25 қыркүйекте шартты бұзу туралы хабарлама жіберілген. Шарт бұзылған.

Жауапкердің шарттық міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабымен жүгінген.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап арызды қолдап, көрсетілген негіздер бойынша қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер сот отырысына қатыспады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекісінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды мүмкін деп санайды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

2024 жылғы 10 қыркүйекте заңның 43-бабы 7-тармағының 2-абзацына сәйкес талапкер №ГЗ 02-07-796 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт екінші жеңімпазбен – «Тендер профи» ЖШС-мен шарт жасады, ол міндеттемені қабылдап, жеткізуге арналған шартқа қол қойылды.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 12.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.01.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 15.01.2025
7119-24-3-1/13119

Жалпы сомасы 315 265,44 (үш жүз он бес мың екі жүз алпыс бес) теңгеге 44 тиын, 1 дана (техникалық ерекшелікке сәйкес) мөлшеріндегі электр сорғы, орталықтан тепкіш, ұңғыма (жоғары қысымды орталықтан тепкіш сорғы) агрегаты. Шарттың қолданылу мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін. Тауарды жеткізу мерзімі: тараптар шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде.

Шарттың Пп сәйкес.2) 3.1 – тармағы, (Тараптардың міндеттемелері) - өнім беруші Шарт күшіне енген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын шарттың жалпы сомасының 9 457,97 (тоғыз мың төрт жүз елу жеті) теңге 97 тиын енгізуге міндеттенді. Алайда белгіленген уақытта қамтамасыз ету сомасын енгізбеді, шарт талаптарын тиісінше орындамады.

2024 жылғы 25 қыркүйекте шартты бұзу туралы хабарлама жіберіліп, шарт бұзылды.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Академик Н.Ж.Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Тендер Профи» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Тендер Профи» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Тендер Профи» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 12.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.01.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 15.01.2025
7119-24-3-1/13119

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 12.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.01.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 15.01.2025

7119-24-3-1/13119